

Ахметов Әлібек

1910 жылы Қараторғай болысында туған. Әскерге дейін колхозда жұмыс істеген. 1942 жылы тамыз айында Торғай АӘК-нан әскерге алынып, Шұбаркөл станциясында әскери дайындықтан өтіп, 32-атты әскер дивизиясында болған. Сталинград майданында, Белоруссия, Польша жерлерін жаудан азат ету ұрыстарына қатысқан. І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.әскер қатарынан босап елге келген соң, аудандық байланыс бөлімінде зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыс істеген. 1993 жылы қайтыс болған.

